- Ынтымақтастық педагогикасы – жұптық, топтық және жобалық жұмыстар ұйымдастыру.
- Ата-аналар мен мамандармен өзара ынтымақтастық

Педагогтар, ата-аналар және салалық мамандар (психологтар, логопедтер, дефектологтар) тығыз байланыста жұмыс істейді. Ата-аналарға баланы оқу процесінде қолдау тәсілдері бойынша кеңес беріледі және оқытылады. Инклюзивті білім беру ерекше білім беруді қажет ететін балалардың тек академиялық жетістіктерін арттырумен шектелмей, сонымен қатар барлық оқушылардың бойында әртүрлілікке құрметпен қарау, эмпатия мен әлеуметтік бейімделу дағдыларын қалыптастырады.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) талаптарына сәйкес ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушыларды оқыту кезінде инклюзивті білім берудің (дамудың бұзылуын түзету және әлеуметтік бейімдеу) талаптарын орындау:

Психикалық және дене дамуы бұзылған бала сыныпта оқыған жағдайда мұғалім және мектептің арнайы мамандары сыныптағы мұндай баланың мінез құлқын зерделеп, бақылауға алған және бір апта көлемінде әр маман бақылау жүргізген. Бақылау нәтижелерін бөлісу үшін мұғалімдер және арнайы мамандар хаттама толтырған. Осы хаттама негізінде оқушыны шымкент қалалық «Психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне жіберіп, тексеру жұмыстары нәтижесінде балаға диагноз қойылған, сол диагнозға сәйкес ерекше білімді қажет ететін оқушының ерекшеліктерін ескере отырып, ПМПК қорытындысының ұсынымына сәйкес жалпы мектепте жеке қарым-қатынас жасау арқылы бейімделген білім беру бағдарламасымен білім алды.

Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балалар инклюзивтік білім алуда психолог мамандардың сабақтарына қатысып оларға оқу-тәрбие және танымдық-педагогикалық көмек көрсетілген.

2023-2024 оқу жылынан бастап «Инклюзивті қолдау кабинеті» ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балаларға арнап арнайы жабдықтармен қамтамасыз етілген. Оқушылар арнайы бекітілген кесте бойынша сабаққа қатысуда. Дефектологтың түзету – дамыту сабағына әр оқушы аптасына екі күн 35-40 минуттан қатысқан. Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балалармен жұмыс жасайтын мамандар арасында тәжірибе алмасушылық қамтамасыз етілген. Мектептегі 44 мұғалім осы бағыттағы курстардан өткен. Мектепте ерекше мектепшілік түрлі іс-шаралар өткізілген. Мектепте педагогикалық-психологиялық қолдау қызметі жұмыс жасайды. Мектеп директорының бұйрығымен жұмысшы тобы бекітілген. Жылдық жұмыс жоспары жасалған.

5-6, 7-8 кластары арасында жалпы білім беретін пәндер бойынша мектепшілік жасөспірімдер пәндік олимпиадасы туралы

№	Пән атауы/деңгей	2022-2023		2023-2024		2024-2025	
		Қала	Облыс	Қала	Облыс	Қала	Облыс
1	математика	3		1	1 орын Шуйншина А.	1	
2	қазақ тілі мен әдебиеті	2		3	3 орын Альжанова М.Т	4	II орын Кужахметова А.С
3	Орыс тілінде оқытылатын мектептердегі қазақ тілі	0		0		3	
4	орыс тілі мен әдебиеті	1		2		2	
5	қазақ тілінде оқытылатын мектептердегі орыс тілі	0		2		3	
6	ағылшын тілі	2		3	3 орын Истаева А.М	3	I орын Сарина С.Р
7	Жаратылыстану, география	2		2	Мақтау қағазы Кеулова А	3	II орын Мажитова Ш.У III орын Матенова Б.Қ
8	Қазақстан тарихы	2	3 орын ҚосымА.Б	2		2	II орын Кутаякова М.Н

9	биология	2		1	3 орын Атығай Г.С	1	III орын Атығай Г.С
10	физика	0		1		2	
11	химия	1		1		1	
12	информатика	1		0		2	
		16	1	18	5	27	6

2024-2025 оқу жылындағы
5-6 кластар бойынша қалалық деңгейде орын алғандар тізімі

№	Қатысушының аты-жөні	класс	орын	Пәні	Жетекшінің Т.А.Ә	Класс жетекшісі
1	Әбілбаева Нұрсауле	6 В	1	Қазақ тілі мен әдебиеті	Кужахметова А.С	Кужахметова А.С
2	Құлжан Меруерт	5 О	2	Жаратылыстану	Матенова Б.К	Матенова Б.К
3	Чернов Ильнур	5 О	2	Орыс тілінде оқытылатын мектептердегі қазақ тілі	Ажибаева Г.У	Матенова Б.К
4	Қуандық Інжу	5 И	2	Қазақ тілі мен әдебиеті	Сырбаева С.М	Досан М.М
5	Түлеген Айжұлдыз	5 Ж	2	Қазақстан тарихы	Кутаякова М.Н	Атығай Г.С
6	Жұмажан Ерсін	6 А	3	Ағылшын тілі	Кадырова Г.К	Романова М.К
7	Амантай Құндызай	5 Г	3	қазақ тілінде оқытылатын мектептердегі орыс тілі	Отарбаева Б.Ж.	Есенғұл М.А
8	Письмак Ольга	6 С	Алғыс хат	Орыс тілінде оқытылатын мектептердегі қазақ тілі	Шамгунова Б.С	Истаева А.
9	Кужағалиева Зере	6 П	Алғыс хат	орыс тілі мен әдебиеті	Отарбаева Б.Ж.	Бахитова Д.К

2024-2025 оқу жылындағы
7-8 кластар бойынша қалалық деңгейде орын алғандар тізімі

№	Қатысушының аты-жөні	класс	орын	Пәні	Жетекшінің Т.А.Ә	Класс жетекшісі
1	Есмағамбетов Чин-гис	7 П	1	Химия	Аскарова Ж.Д	Жапарова А.Е
2	Егімбаев Дамир	8 Г	1	Информатика	Иманбаева С.К	Иманбаева С.К
3	Жолмағамбет Айару	8 Ғ	1	Биология	Атығай Г.С	Ысқақов Б.А
4	Сулейменов Руслан	7 П	2	физика	Худайбергенов Н.М	Жапарова А.Е
5	Тілектесов Ерқанат	7 В	2	География	Мажитова Ш.У	Наурызбаева Д.Қ
6	Мақсат Мирас	7 З	2	Ағылшын тілі	Сарина С.Р	Тыныштық М.Е
7	Абдувасилжонова Ясина	7 С	3	Орыс тілінде оқытылатын мектептердегі қазақ тілі	Сырбаева С.М	Касымкулова Ф.А
8	Кияшбаева Диляра	7 Р	3	орыс тілі мен әдебиеті	Қаржау А.М	Қаржау А.М
9	Хайрулла Нұрдана	8 Ә	3	География	Мажитова Ш.У	Бекетова Г.К
1	Бөрібаева Айару	7 Л	3	Қазақ тілі мен әдебиеті	Бозлакова А.Д	Ибатова Р.Б

1	Қуандық Айшагүл	8 Қ	3	Математика	Досан М.М	Айдарханов Н.Т
1	Тұрлан Айсана	7 Ә	3	Информатика	Әбілтай Н.Ә	Альжанова М.Т
1	Бақтыбай Раушан	8 Б	3	Қазақ тілі мен әдебиеті	Орынбасарова Г.О	Елеу Қ.М
1	Боранғазы Нұрсая	8 К	Алғыс хат	Қазақстан тарихы	Төлебайқызы Г.	Қуанышбек А.Қ
1	Султангазина Асылым	8 Ә	Алғыс хат	қазақ тілінде оқытылатын мектептердегі орыс тілі	Жаймағанбетова Ж.Т	Бекетова Г.К
1	Қуанышева Инабат	8 Қ	Алғыс хат	Ағылшын тілі	Қуатбаева С.К	Айдарханов Н.Т
1	Ишнияз Аяжан	7 Ә	Алғыс хат	қазақ тілінде оқытылатын мектептердегі орыс тілі	Қаржау А.М	Альжанова М.Т
1	Бисенбаев Мансур	8 Б	Алғыс хат	физика	Жұмахан А.О	Елеу Қ.М

**2023-2024 оқу жылында 5-6 кластар бойынша республикалық олимпиаданың
II (калалық) кезеңінің жеңімпаздары**

1 орын								
№	Оқушының аты-жөні	кл	литер	пәні	орын	Пән мұғалімі	Кл.жетекшісі	Облыс орны
1	Карасаев Бейбарыс	6	С	шетел тілі	1	Истаева А.М	Касымкулова Ф.А	3
2	Бурибаев Али	6	С	математика	1	Шуйншина А.З	Касымкулова Ф.А	1
2 орын								
№	Оқушының аты-жөні	кл	литер	пәні	орын	Пән мұғалімі	Кл.жетекшісі	
3	Мукушев Амир	5	Б	Жаратылыстану	2	Кеулова А.М	Кулынтаева К.М	Мақтау қағазу
4	Маратқызы Айару	6	Ә	қазақ тілі	2	Альжанова М.С	Альжанова М.Т	3
3 орын								
№	Оқушының аты-жөні	кл	литер	пәні	орын	Пән мұғалімі	Кл.жетекшісі	
5	Ишнияз Аяжан	6	Ж	русский язык	3	Каржау А.М.	Саримова Ж.С	
6	Жұмажан Ерсің	5	А	шетел тілі	3	Кадырова Г.К	Романова М.К	
7	Мәлік Інжу	5	А	қазақ тілі	3	Романова М.К	Романова М.К	
8	Аралбаева Айару	6	К	Қазақстан тарихы	3	Сыдыкова А.С	Маратова О.М	
9	Бақтыгерей Жұлдызай	5	З	русский язык	3	Дуйсенбина Г.Ш.	Тұрғанбаева Г.С	

10	Есмагамбетов Чингис	6	П	русский язык	3	Шунышпаева С.Е.	Жапарова А.Е	
----	------------------------	---	---	--------------	---	--------------------	--------------	--

**2023-2024 оқу жылында 7-8 кластар бойынша республикалық олимпиаданың
II (қалалық) кезеңінің жеңімпаздары**

№	Оқушының аты-жөні	кл	литер	пәні	орын	Пән мұғалімі	Кл.жетекшісі	Облыс орны
1	Боранғазы Нұрсая	7	К	физика	1	Алшағырова Т.С	Ғұбайдуллина В.	
2	Сағидоллаев Ақниет	7	Б	химия	2	Тұрғанбаева Г.С	Елеу Қ.	
3	Умарғалиев Диас	7	Ғ	биология	2	Атығай Г.С	Ысқақов Б.	3
4	Утенова Аянат	7	Ғ	Қазақстан та-рихы	3	Қосым Ә.Б	Ысқақов Б.	
5	Мерекеев Ержан	7	Д	қазақ тілі	3	Алишева А.М	Қазиханов Ә	
6	Сагиндыкова Махаббат	7	З	орыс тілі	3	Шунышпаева С.Е	Шунышпаева С.Е	
7	Алмаганбетова Инкар	8	К	Ағылшын тілі	3	Истаева А.М	Амирова М.	
8	Тұрғанбай Қу-аныш	8	Г	география	3	Нұрадин Р.А	Нұрадин Р.	

**2022-2023 оқу жылындағы 5-6 класс оқушылары арасында жалпы білім беретін пәндер
бойынша Республикалық жасөспірімдер олимпиада нәтижесі**

№	Қатысушының Т.А.Ә	класы	оқу тілі	пәні	орын	Жетекшінің Т.А.Ә
1	Садуақас Мадина	5	қазақша	Ағылшын тілі	Мақтау қағазы	Маратова О.М
2	Бакитбекова Диляра	6	Орысша	Ағылшын тілі	3	Саликова А.Е
3	Маратқызы Айару	5	қазақша	Қазақ тілі мен әдебиеті	3	Ақылбекова Н.А
4	Ганиева Айғаным	6	қазақша	Қазақ тілі мен әдебиеті	3	Кужахметова А.С
5	Қуаныш Аруна	5	қазақша	Орыс тілі мен әдебиеті	3	Елемес А.И
6	Утенова Аянат	6	қазақша	Қазақстан тарихы	1	Қосым А.Б 3 орын облыстан

7	Қаймолдина Бекзат	5	қазақша	Қазақстан тарихы	Мақтау қағазы	Ешмұханова А.Қ
8	Ануарұлы Саян	6	Қазақша	математика	3	Сағын Д.Қ
9	Қуанышева Инабат	6	қазақша	жаратылыстану	2	Пиржанова А.Ж
10	Карасаев Бейбарыс	5	қазақша	математика	3	Шуйншина А.З

2022-2023 оқу жылындағы 7-8 класс оқушылары арасында жалпы білім беретін пәндер бойынша Республикалық жасөспірімдер олимпиада нәтижесі

№	Қатысушының Т.А.Ә	класы	оқу тілі	пәні	орын	Жетекшінің Т.А.Ә
1	Бектенғалиева Айғаным	8	қазақ	география	II	Мажитова Ш.У
2	Кистаубаев Эмиль	7	орыс	химия	III	Аскарова Ж.Д.
3	Тастенрва Аружан	8	қазақ	биология	III	Пиржанова А.
4	Сағиданова Арай	8	қазақ	Математика	III	Нургалиева К.Н.
5	Орынбасаров Избасар	7	орыс	Информатика	Грамота	Жұбаназаров С.А.
6	Рүстемқызы Әсел	7	орыс	биология	Грамота	Матенова Б.Қ.

2025-2026 ОҚУ ЖЫЛЫНДАҒЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН ПӘНДЕР БОЙЫНША ӨТКЕН ОЛИМПИАДАНЫҢ МЕКТЕПІШІЛІК КЕЗЕҢІНІҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

2025 жылдың 30 қазан күні пәндік олимпиаданың мектепшілік кезеңінің ашылу салтанаты өтті. Олимпиаданың ұйымдастырылуы бойынша арнайы бұйрық шығарылып, комиссия мүшелері бекітілді. Олимпиада кесте негізінде 18 кабинетте өткізілді. Пәндік тапсырмалар оқушылардың көзінше ашылып, академиялық адалдық қағидалары толық сақталды. Комиссия мүшелері жұмыстарды уақытылы тексеріп, нәтижелерді хаттама арқылы рәсімдеп, тапсырды. Жалпы 216 оқушы мектепшілік олимпиадаға қатысып, 128 оқушы түрлі деңгейдегі жүлделі орындарға ие болды.

Олимпиадада төмендегі пәндер қамтылды:

Гуманитарлық бағытта 7 пән:

1. Қазақ тілі және әдебиеті (қазақ кластарында)
2. Қазақ тілі және әдебиеті (орыс кластарында)
3. Орыс тілі және әдебиеті (қазақ кластарында)
4. Орыс тілі және әдебиеті (орыс кластарында)
5. Ағылшын тілі
6. Қазақстан тарихы
7. Құқық негіздері

Жаратылыстану-математикалық бағытта 6 пән:

1. Математика

2.Информатика
3.Физика
4.География
5.Биология
6.Химия
Барлығы 13 пән

Пәндік олимпиаданың МЕКТЕПШІЛІК кезеңінің қорытындысы

№	Оқушының аты - жөні	Сыныбы	Оқу тілі	Пәні	Жетекшінің аты - жөні	ҚОРЫТЫНДЫ
1	Жакежанова Ақбота Шамилқызы	11 «В»	Қазақ	Қазақ тілі мен әдебиеті	Ержанов.Б.С	1-орын
2	Жумажан Аружан	10 «Ә»	Қазақ	Қазақ тілі мен әдебиеті	Сырбаева С.М.	1-орын
3	Хайрулла Нұрдана	9 «Ә»	Қазақ	Қазақ тілі мен әдебиеті	Кужахметова А.С.	1-орын
4	Исмаилова Аида	10 «Г»	Орыс	Қазақ тілі мен әдебиеті	Бозшина А.	1-орын
5	Балабаева Арина	11 «Д»	Орыс	Қазақ тілі мен әдебиеті	Отарбаева Б.Ж	1-орын
6	Байсултанова Арина	9 «Ж»	Орыс	Орыс тілі мен әдебиеті(орыс класы)	Дүйсенбина Г.Ш.	1-орын
7	Куанышбай Ина- бат	10 «Г»	Орыс	Орыс тілі мен әдебиеті(орыс класы)	Отарбаева Б.	1-орын
8	Амангос Жузим	11 «Д»	Орыс	Орыс тілі мен әдебиеті(орыс класы)	Отарбаева Б.Ж.	1-орын
9	Султангазина Асылым	9 «Ә»	Қазақ	Орыс тілі мен әдебиеті(қазақ класы)	Жаймағанбетова Ж.Т.	1-орын
10	Нугуметова Аида	10 «Ә»	Қазақ	Орыс тілі мен әдебиеті(қазақ класы)	Дүйсенбина Г.Ш.	1-орын
11	Ертилекова Альмира	11 «Г»	Қазақ	Орыс тілі мен әдебиеті (қазақ класы)	Отарбаева Б.Ж.	1-орын
12	Ануарұлы Саян	9 «Ә»	Қазақ	Ағылшын тілі	Мамбетжанова Д.Ж.	1-орын
13	Гарифуллина Наргиз	10 «Б»	Қазақ	Ағылшын тілі	Атинова А.Ж.	1-орын
14	Жарқыл Махамбет	11 «В»	Қазақ	Ағылшын тілі	Сарина С.Р.	1-орын
15	Маратов Керей	9 «А»	Қазақ	Математика	Амангелді Б.Ж.	1-орын
16	Асылбекұлы Аятхан	10 «А»	Қазақ	Математика	Дүйсенбина А.Б.	1-орын
17	Куанышғали Иманғали	11 «А»	Қазақ	Математика	Нургалиева К.	1-орын
18	Сағидоллаев Ақниет	9 «Б»	Қазақ	Химия	Аскарова А.Ж.	1-орын
19	Турақметова Малика Асетовна	10 «Ә»	Қазақ	Химия	Хайруллина Қ.Т.	1-орын

20	Кубесова Азиза	11 «А»	Қазақ	Химия	Тажмағанбетова М.	1-орын
21	Бермағамбетова Амина	9 «Б»	Қазақ	Физика	Жұмахан А.	1-орын
22	Жалбасова Агдалия	10 «В»	Қазақ	Физика	Саримова Ж.	1-орын
23	Марат Еркеназ	11 «А»	Қазақ	Физика	Қуанышбек А.	1-орын
24	Ғалил Перизат	9 «Ғ»	Қазақ	География	Сағындықова Ж.	1-орын
25	Тұрғанбай Қуаныш	10 «Б»	Қазақ	География	Мажитова Ш.У.	1-орын
26	Райханова Айнұр	11 «Б»	Қазақ	География	Кеулова А.	1-орын
27	Жолмағамбет Айару	9 «Ғ»	Қазақ	Биология	Сыдыкова А.С.	1-орын
28	Тұрлан Санжар	10 «Б»	Қазақ	Биология	Серікбаев Е.	1-орын
29	Ертилекова Альмира	11 «Г»	Қазақ	Биология	Исенбаева А.	1-орын
30	Егімбаев Дамир Медетұлы	9 «Г»	Қазақ	Информатика	Иманбаева С.К.	1-орын
31	Амангалиева Нурай	10 «Б»	Қазақ	Информатика	Сапаұлы Ш.	1-орын
32	Каримов Асылжан	11 «Г»	Қазақ	Информатика	Пашанбай Е.	1-орын
33	Әлихан Арайлым	9 «Г»	Қазақ	Қазақстан тарихы	Ертемір А.	1-орын
34	Бостандық Бақкелді	10 «Б»	Қазақ	Қазақстан тарихы	Карабасова А.	1-орын
35	Бектенғалиева Айғаным	11 «А»	Қазақ	Қазақстан тарихы	Қоныратбаева А.	1-орын
36	Жолмағанбет Медина	11 «Г»	Қазақ	Құқық негіздері	Ешмұқанова А.	1-орын
37	Ниязбек Жанерке	10 «Б»	Қазақ	Құқық негіздері	Сыдыкова А.С.	1-орын
38	Қожабаева Айжан	9 «Б»	Қазақ	Құқық негіздері	Мамбетова Д.	1-орын

Ұсынымдар:

- Дарынды балалармен жұмыс жүйесі іс-әрекеттегі сабақтастықты көздейді, сондықтан келесі жылы ӘБ жетекшілері мен пән мұғалімдері қолда бар резервтерді сақтауға және оларды белсенді пайдалануға ерекше көңіл бөлуі қажет.

- Оқушылардың олимпиадаларға, шығармашылық және зияткерлік сайыстарға қатысу ынтасын арттырудың жаңа жолдарын іздестіру қажет.

- Дарынды, қабілетті және жоғары ынталы балалармен жұмыс істеу проблемалары оқу үдерісінде басымдық болып табылады, сондықтан табысты жұмыс істеу үшін жағдай жасау қажет:

> мектеп ұжымының әрбір мүшесінің жұмысының маңыздылығын сезіну және осыған байланысты оқуға оң мотивацияны дамыту мәселесіне көңіл бөлу;

> дарынды оқушылармен жұмыс істеудің әдістемелік жүйесі мен пәндік ішкі жүйелерін құру және үздіксіз жетілдіру.

"Өмір қауіпсіздігінің негіздері" міндетті оқу курсының игеру бойынша зерделеу:

2024-2025 оқу жылы бойынша

«Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы»

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы **03 тамыздағы № 348**

бұйрығына сәйкес,

«Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсы оқыту **барлық білім беру деңгейлерінде міндетті** болып табылады.

Бастауыш білім беру деңгейі (1–4 сыныптар)

- Оқыту «Дүниетану» пәні шеңберінде жүзеге асырылды;
- **1–3 сыныптарда** жылдық оқу жүктемесі – **6 сағат**,
- **4 сыныпта** жылдық оқу жүктемесі – **10 сағат**;
- Оқыту **бастауыш сынып мұғалімдерімен** жүргізілді.

Негізгі орта білім беру деңгейі (5–9 сыныптар)

- Курстың жылдық оқу жүктемесі – **15 сағат**;
- «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсы дене шынықтыру пәні мұғалімдерінің жетекшілігімен жүргізілді;
- Бағдарлама мазмұнына табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларда іс-әрекет ету, жеке және қоғамдық қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру тақырыптары енгізілді.

Жалпы орта білім беру деңгейі (10–11 сыныптар)

- «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсы «**Алғашқы әскери және технологиялық дайындық**» пәні шеңберінде іске асырылды;
- **10 сыныпта** жылдық оқу жүктемесі – **12 сағат**,
- **11 сыныпта** жылдық оқу жүктемесі – **16 сағат**;
- Оқыту **алғашқы әскери дайындық пәні мұғалім-ұйымдастырушыларының** жетекшілігімен жүзеге асырылды;
- Сабақтар оқу кестесіне сәйкес сабақ уақытында өткізілді.

"Жолда жүру ережелері" міндетті оқу курсына іске асыру бойынша зерделеу:

2025-2026 оқу жылы

«Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 03 тамыздағы № 348 бұйрығы 2-қосымша негізінде 2-тарау §1 26 -тармақ бойынша " "Жолда жүру ережелері" оқу курсының мазмұны 1-4-сыныптарда әрбір сыныпта 6 сағаттан сынып сағаттары есебінен және сабақтан тыс уақытта сынып жетекшілері жылдық жұмыс жоспарында тақырыптары мен мерзімін көрсете отырып, іске асырды.

«Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 03 тамыздағы № 348 бұйрығы 3-қосымша негізінде 2-тарау §1 38 -тармақ бойынша «Жол қозғалыс ережелері» 5-8 сыныптарда 10 сағаттан берілді. Сынып сағатына біріктіріп, сабақтың тақырыбы көрсетілді. Барлық сынып жетекшілер сынып сағаттарын уақытында өткізді.

10) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы №473 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілер тізілімінде №30721 болып тіркелген) бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, діни білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін (бұдан әрі біліктілік талаптары) сақтау:

Мектептің педагогикалық ұжымының сапалық және сандық құрамын талдау мектептің қажетті оқу-педагогикалық әлеуетімен толық қамтылғаны белгіленді. Мектепте ҚР мемлекеттік стандартымен қарастырылған барлық пәндер жүргізіледі. Педагогтердің жеке

іс-құжаттары, еңбек кітапшалары талапқа сай келеді, мектепте мамандар есебі жүргізіледі. Мұғалімдердің жеке істері, еңбек және санитарлық кітапшалары талаптарға сәйкес. Педагогикалық ұжымның сапалық және сандық құрамның талдауы мектепте қажетті оқу-педагогикалық потенциалдың барлығын көрсетеді, мектепте тұрақты ұжым құрылған.

Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің білім алушыларының оқу жүктемесінің ең жоғарғы көлеміне өлшемшарттар:

1) Білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғарғы көлемінің сәйкестігі мен сақталуы:

2023-2024 оқу жылында

«Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 03 тамыздағы № 348 бұйрығы 2-қосымша негізінде 3 -тарау 28 -тармағы (28. Бастауыш мектептегі білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі 27 сағаттан аспайды.)-1-4-сыныптарда, 3-тарау 29-тармағы (44.Білім алушылардың инвариантты және вариативтік компоненттерден тұратын оқу жүктемесінің жалпы көлемі, сондай-ақ сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесі үлгілік оқу жоспарында белгіленеді. ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрығына 1-қосымша) апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі: 1-сыныпта-19,5 сағат; 2-сыныпта- 24сағат ; 3-сыныпта- 26 сағат; 4-сыныпта-26 сағат;

«Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 03 тамыздағы № 348 бұйрығы 3-қосымшасы 3- тарау 40-тармағы (40. Негізгі орта білім беру деңгейіндегі білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі 5-сыныпта – 29 сағаттан, 6-сыныпта – 30 сағаттан, 7-сыныпта – 30 сағаттан, 8-сыныпта – 34 сағаттан, 9-сыныпта – 35 аспауы тиіс.), 3-тарау 41-тармағы (41.Білім алушылардың инвариантты және вариативтік компоненттерден тұратын оқу жүктемесінің жалпы көлемі, сондай-ақ сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесі үлгілік оқу жоспарында белгіленеді. ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрығына 6-қосымша) 5-сыныпта – 28,5 сағаттан, 6-сыныпта – 28,5 сағаттан, 7-сыныпта – 31,5 сағаттан, 8-сыныпта – 32,5 сағаттан, 9-сыныпта – 34 сағаттан;

«Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 03 тамыздағы № 348 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 23 қыркүйектегі №406 бұйрығына сәйкес № 348 бұйрығына 4-қосымшасы 3-тарау, 30- тармағы (30. Жалпы орта білім беру деңгейіндегі білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі әр сыныпта аптасына 36 сағаттан аспауы тиіс), 3-тарау 32-тармағы (32.Білім алушылардың инвариантты және вариативтік компоненттерден тұратын оқу жүктемесінің жалпы көлемі, сондай-ақ сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесі үлгілік оқу жоспарында белгіленеді. ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрығына 38,39-қосымша) 10,11-сынып - жаратылыстану-математикалық бағытында - 35 сағат сағат талаптары сақталды.

2) білім алушылардың инвариантты және вариативті компонентін (арнайы білім беру ұйымы үшін түзету компоненті) құрайтын оқу жүктемесінің жалпы көлемінің, сондай-ақ ЖББ ҰОЖ-мен белгіленген сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесінің сәйкестігі және сақталуы:

Білім алушылардың инвариантты және вариативтік компоненттерден тұратын оқу жүктемесінің жалпы көлемі, сондай-ақ сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесі үлгілік оқу жоспарында белгіленеді. Апталық оқу жүктемесі ҰОЖ-да (инвариантты және вариативті компоненттер) анықталған оқу жұмыстарының барлық түрлерін қамтыды.

3) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы 3-тарау «Білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар» соның ішінде сыныптарды топтарға бөлуге қойылатын талаптар сақталған.

2023-2024 оқу жылы /І жарты жылдық/

ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 23 қыркүйектегі №406 бұйрығына орай 30- тармағына сәйкес **бастауыш сынып білім беру деңгейінде** ауылдық жерлерде білім алушылар саны 24 және одан артық болғандықтан 2. Шетел тілі бойынша (ағылшын); 3.Цифрлық сауаттылық бойынша бөлініп оқыту жүзеге асырылды. /3 а-25/.Барлығы: 3 сағат.

ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 23 қыркүйектегі №406 бұйрығына орай 43-тармағына сәйкес **негізгі орта білім беру деңгейінде** білім сыныптардың екі топқа бөліп оқу қалалық жерлерде білім алушылар саны 24 және одан артық болғанда: 2. Шетел тілі (ағылшын); 3.Көркем еңбек; 4. Информатика бойынша жүзеге асырылады../5 а-24,7ә-26,8а-24,8ә-24,9 а-28,9 ә-28/ Барлығы- 30 сағат бөлініп оқыту жүзеге асырылды.

ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 23 қыркүйектегі №406 бұйрығына орай 33- тармағына сәйкес **жалпы орта білім беру деңгейінде білім сыныптарды екі топқа бөліп оқу қалалық жерлерде білім алушылар саны 24 және одан артық болғанда** 1. Оқыту орыс тілінде жүргізілмейтін сыныптарда – орыс тілі мен әдебиеті , 2. Шетел тілі (ағылшын) 3. Информатика; 4.Дене шынықтыру сабақтарын жүргізу кезінде 10 а сыныбында жүзеге асырылды.Барлығы-10 сағат.

2023-2024 оқу жылы /II жарты жылдық/

ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 23 қыркүйектегі №406 бұйрығына орай 30-тармағына сәйкес **бастауыш сынып білім беру деңгейінде** ауылдық жерлерде білім алушылар саны 24 және одан артық болғандықтан 2. Шетел тілі бойынша (ағылшын); 3.Цифрлық сауаттылық бойынша бөлініп оқыту жүзеге асырылды. /3 а-25/.Барлығы: 3 сағат.

ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 23 қыркүйектегі №406 бұйрығына орай 43-тармағына сәйкес **негізгі орта білім беру деңгейінде** білім сыныптардың екі топқа бөліп оқу қалалық жерлерде білім алушылар саны 24 және одан артық болғанда: 2. Шетел тілі (ағылшын); 3.Көркем еңбек; 4. Информатика бойынша жүзеге асырылады../7ә-26,8ә-24,9 а-29,9 ә-28/ Барлығы- 20 сағат бөлініп оқыту жүзеге асырылды.5 а,8 а-сыныптарында оқушы толымсыздығына байланысты бөліп оқыту тоқтатылды.

ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 23 қыркүйектегі №406 бұйрығына орай 33- тармағына сәйкес **жалпы орта білім беру деңгейінде білім сыныптарды екі топқа бөліп оқу қалалық жерлерде білім алушылар саны 24 және одан артық болғанда** 1. Оқыту орыс тілінде жүргізілмейтін сыныптарда –орыс тілі мен әдебиеті , 2. Шетел тілі (ағылшын) 3. Информатика; 4.Дене шынықтыру сабақтарын жүргізу кезінде 10 а сыныбында оқушы саны 22 болғандықтан бөліп оқыту жүргізілмеді.

Білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар:

ЖБП үлгілік оқу бағдарламалары мен Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркелу тізілімінде №29031 болып тіркелген) талаптарына сәйкес тиісті білім беру деңгейінің әрбір білім беру саласы (және оқу пәндеріне) бойынша білім алушылардың дайындық деңгейі (оқытудан күтілетін нәтижелер)

1-11 сыныптарда оқу процесі жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасымен жүзеге асырылды. Әр пән бойынша ұзақ мерзімді жоспар оқу бағдарламасының құрамына енгізілген және ұзақ мерзімді жоспарда күтілетін нәтижелер оқу мақсаттары түрінде нақты көрсетілген. Күтілетін нәтижелердің (оқу мақсаттарының) тақырыптық мазмұнға сәйкес нақтылануы білім алушыларда пәндік білім мен дағдыларды нақты оқу материалы негізінде қалыптастыруға мүмкіндік туғызады.

Білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізудің үлгілік ережесі және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2008 жылғы 18 наурыздағы N 125 бұйрығы және қалалық білім басқармасының 2023 жылғы қазандағы N 304 бұйрығының негізінде

қорытынды аттестаттау барлық санитарлық талаптарды сақтай отырып келесі мерзімдерде жүргізілді: 9-сынып оқушылары үшін:

- 1) қазақ, орыс тілі бойынша эссе нысанында жазбаша емтихан (оқыту тілі бойынша) - 2024 жылы 29 мамырда өткізілді;
- 2) математика (алгебрадан) жазбаша емтихан (бақылау жұмысы) – 2024 жылғы 3 маусымда өткізілді;
- 3) орыс сыныптарындағы қазақ тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау) және қазақ тілінде оқытатын сыныптарындағы орыс тілі мен әдебиеті жазбаша емтихан (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау) – 2024 жылы 6 маусымда өткізілді;
- 4) тандау пәні (Физика, Химия, Биология, География, Геометрия, Қазақстан тарихы, Дүниежүзі тарихы, Әдебиет (оқыту тілі бойынша), Шет тілі (ағылшын тілі), Информатика) бойынша жазбаша емтихан -2024 жылғы 10 маусымда өткізілді;

11-сыныптың білім алушылары үшін:

- 1) қазақ, орыс тілі бойынша эссе нысанында жазбаша емтихан (оқыту тілі бойынша) – 2024 жылғы 28 мамырда өткізілді;
- 2) алгебра және анализ бастамалары пәнінен жазбаша емтихан (бақылау жұмысы) – 2024 жылғы 31 мамырда өткізілді;
- 3) Қазақстан тарихынан ауызша емтихан – 2024 жылғы у маусымда өткізілді;
- 4) орыс сыныптарындағы қазақ тілінен және қазақ сыныптарындағы орыс тілінен жазбаша емтихан – 2024 жылғы 7 маусымда өткізілді;
- 5) тандау пәні (Физика, Химия, Биология, География, Геометрия, Қазақстан тарихы, Дүниежүзі тарихы, Құқық негіздері, Әдебиет (оқыту тілі бойынша), Шет тілі (ағылшын тілі), Информатика) бойынша жазбаша емтихан -2024 жылғы 11 маусымда өткізілді.

Қорытындылар мен ұсыныстар:

1. 2024-2025 оқу жылында 9,11-сыныптарда қорытынды аттестацияға дайындық жұмыстарын жүйелендіру.
2. Оқушылармен «Үздік аттестатқа» үміткерлермен және оқу ынтасы төмен оқушылармен жеке жұмыстарға ерекше көңіл бөлу.
3. Инновациялық технологияларды пайдалана отырып, оқушылардың біліміндегі олқылықтарды жою жұмыстарын ұйымдастыру.
4. Қорытынды аттестацияға дайындық кезінде 2024-2025 оқу жылына арналған пәндер бойынша тапсырмалар мен сынақ тапсырмаларының спецификациясын пайдалану.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 52 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №13137 болып тіркелген) білім алушылардың білімін бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауды жүзеге асыру мен қалыптастырушы және жиынтық бағалау талаптары сақталған:

2023-2024 оқу жылында тоқсандық және бөлім бойынша жиынтық бағалаудағы балдарды қою критерийі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 52 бұйрығымен бекітілген білім алушылардың білімін бағалау өлшемшарттарына сәйкес мұғалімдерінің жоспарлары жасалып, сол жоспар бойынша бөлім бойынша, тоқсан бойынша жиынтық бағалау жұмыстары жүргізілді.

Мектепте ағымдық бағалаудың, тоқсандық және жылдық бағалардың бар болуы «Kundelik. kz» электронды журналы арқылы зерделенді.

2023-2024 оқу жылында барлық сыныптар бойынша БЖБ, ТЖБ баллдары мен бағалары тексерілді.

1-сынып оқушыларының оқу жетістіктері "Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 мамырдағы № 193 бұйрығының 7 –тармағына сәйкес бағаланған жоқ.

2023-2024 оқу жылында барлық айлары тексерілді.

Мектепте ағымдық бағалаудың, тоқсандық және жылдық бағалардың бар болуы «Kundelik. kz» электронды журналы арқылы зерделенді.

Мұғалімдердің пән бойынша ТЖБ кестелері жасақталып, сол кесте бойынша бөлім бойынша, тоқсан бойынша жиынтық бағалау жұмыстары жүргізілді.

1) оқыту мақсаттары оқу бағдарламасына сәйкес, пәндер бойынша оқытукурсы кезінде білу, түсіну және дағдыларға қолжеткізу бойынша күтілетін нәтижелерді қалыптастыруға бағытталған жұмыстар үйлестірілген.

2) білім алушылардың оқу жетістіктерін оқу процесінің барлық қатысушыларына алдын ала белгілі нақты айқындалған өлшемшарттарымен, білім берудің тиісті мақсаттары және мазмұнымен сәйкес келеді.

3) қалыптастырушы бағалау кезінде мұғалім мен білім алушыға оқу мақсатына жеткенін тануға мүмкіндік беретін тұжырымдар (табыс өлшемшарттары), жиынтық бағалау кезінде білім алушы жұмысты қаншалықты жақсы орындағанын бағалауға мүмкіндік беретін тұжырымдар (балдарды қою өлшемшарттары) сақталған.

4) сабақта немесе үйдегі күнделікті жұмыс барысында білім алушылардың ағымдағы игерген білімдері мен қалыптасқандағылары деңгейін айқындайтын және оқыту барысында білім алушылар мен мұғалімдер арасындағы жедел өзара байланысты жүзеге асыратын, білім алушыларға жаңа материалды зерделеу кезеңінде тапсырманы қаншалықты дұрыс орындағаны мен оқыту мақсаттарына жеткендігін түсінуге мүмкіндік беретін қалыптастырушы бағалау жүргізілген.

5) оқу тоқсанның аяғында оқу бағдарламаларының бөлімдерін оқып аяқтауы бойынша білім алушылардың білімді меңгеруі мен дағдыларының қалыптасуы деңгейін айқындайтын жиынтық бағалау жүргізілген.

6) оқу жылының соңында қалыптастырушы және жиынтық бағалау нәтижелерін қоса алғанда пайыздық арақатынаста білім алушыларға қойылатын баға ретінде жылдық бақылау алынған.

7) білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау нәтижелерін қалыптастырушы және жиынтық бағалау нәтижелерін тіркейтін, тоқсандық және жылдық бағаларды автоматты есептеуді жүзеге асыратын тіркеу журналы іске асырылған.

Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау формативті және жиынтық бағалау нысанында жүзеге асырылды. Бағалау нақты бөлім/ортақ тақырып бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерін қадағалау негізінде әрбір оқу пәні бойынша оқу бағдарламасында көрсетілген оқу мақсаттары жүйесіне сәйкес жүзеге асырылды. Білім алушылардың білімнің міндетті төменгі шекті көлемі мен олардың шеберлігі мен дағдылары қамтылған оқу пәндерінің базалық деңгейін меңгеруін анықтайтын жаңартылған бағдарламамен оқитын барлық сыныптарда бөлім бойынша жиынтық бағалаулар және тоқсандық жиынтық бағалаулар жүргізілгендігін растайтын материалдар бар, жинақталған.

Тексеру кезінде бөлім, тоқсандық бойынша жиынтық бағалау алынып, тексеріліп, электронды журналға баллдары қойылған. Бағалау критерийі мен бөлім бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты ата-аналарға ақпарат ұсынуға арналған рубрикаторлармен ата-аналардың танысқандығы жөнінде қолдары қойылған. Модерация хаттамалары жинақ папкаларында жасақталған. Мұғалімдердің БЖБ, ТЖБ өткізу жоспары құрылған. Мектеп директорымен бекітілген модерация отырысының мүшелер тізімі жасалған.

15. Оқу мерзіміне өлшемшарттар:

1) тиісті деңгейдегі жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын игеру мерзімдеріне қойылатын талаптарды сақталған:

2023-2024 оқу жылында ҚР БҒМ Ү.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы «ҚР орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың 2023-2024 оқу жылындағы ерекшеліктер туралы» әдістемелік нұсқау хаты негізінде оқу бағдарламаларын игеру мерзіміне қойылатын талаптарды сақталғандығы туралы мәлімет орта мерзімді жоспарларын бекіту кезінде және күнделікті электронды журналда тақырыптарды енгізу барысын зерделеуде анықталды.

Бастауыш сыныпта білім беру деңгейінде оқу бағдарламасын игеру мерзімі төмендегіше жүргізілгені байқалды:

«Әліппе» пәні бойынша оқу жүктемесі аптасына- 6 сағаттан, барлығы І жарты жылдықта 96 сағатты құраған. Әліппеге дейінгі кезең –12 сағат, әліппе кезеңі–84 сағатты құраған. Әріптер оқу бағдарламасында берілген ретпен оқытылған. Жазба жұмыстарының санын

мұғалім білім алушылардың меңгеру деңгейімен қажеттілігіне орай белгілеген, жазба жұмыстарын күнделікті жүйелі ұйымдастырылған. Тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым, тыңдалым ерекшеліктері сақталған.

«Ана тілі» пәні бойынша оқу жүктемесі аптасына-6 сағаттан, барлығы ІІ жарты жылдықта 102 сағатты құраған. Тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым, тыңдалым ерекшеліктері сақталған. Жазба жұмыстарының санын мұғалім білім алушылардың меңгеру деңгейі мен қажеттіліктеріне орай белгілеген, жазба жұмыстарын күнделікті жүйелі ұйымдастырған.

«Қазақ тілі» пәнінен оқу жүктемесінің көлемі: 2-сыныпта–аптасына 4 сағатты, оқу жылында –136 сағатты, 3-сыныпта–аптасына 4 сағатты, оқу жылында –136 сағатты, 4-сыныпта–аптасына 4 сағатты, оқу жылында–136 сағатты құраған. Пәнді оқытудың басты ерекшеліктерінің бірі - білім алушылардың сауаттылығын арттыру және тілін дамыту мақсатында жазба жұмыстарын жүргізіп отыру ұстанымы сақталған, оқу мақсаты сөйлеу әрекеті түрлері бойынша үйлестірілген. Сөйлеу әрекетінің түрлері (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым) бойынша оқу мақсаттарын біріктіре алған.

«Әдебиеттік оқу» пәнінен оқу жүктемесінің көлемі: 2-сыныпта–аптасына 3 сағатты, оқу жылында –102 сағатты, 3-сыныпта–аптасына 3 сағатты, оқу жылында –102 сағатты, 4-сыныпта–аптасына 3 сағатты, оқу жылында–102 сағатты құраған.

Оқу бағдарламасында әдеби-шығармашылық қабілеттерін дамыту қарастырылған. Нақты шығармаларды оқып білу және қажетті шығармашылық тапсырмаларды орындау үшін мұғалім білім алушылардың даярлық деңгейіне байланысты сабақтар санын анықтаған, оқу дағдысы негізгі оқу дағдысы болып табылатындықтан оны кезең-кезеңімен қалыптастыру жұмысы жасалған.

«Орыс тілі» пәнінен оқу жүктемесінің көлемі 2- сыныпта- аптасына 2 сағат, оқу жылында- 68 сағатты, 3- сыныпта аптасына -2 сағат, оқу жылында -68 сағатты, 4- сыныпта аптасына -2 сағат, оқу жылына -68 сағатты құраған. Пәнді оқытудағы ерекшелік оқушылардың ауызша және жазбаша коммуникативтік ойлауын дамыту, дұрыс, мәнерлеп оқу, шығармашылық ойларын дамыту, адами құндылықтарын қалыптастыруға бағытталған.

«Ағылшын тілі» оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі: 3-сыныпта– аптасына 2 сағатты, оқу жылында–68 сағатты, 4-сыныпта– аптасына 2 сағатты, оқу жылында–68 сағатты құраған. Ағылшын тілі пәнін оқытудың мақсаты-сөйлеу әрекеттерінің түрлерін : тыңдалым, оқылым, жазылымда дамыту арқылы, тіл туралы бастапқы білімді меңгерту және оны тілдік нормаларды сақтай отырып, оқу әрекеті мен күнделікті өмірде қолдана білу дағдылары қалыптасқан.

«Математика» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі: 1-сынып – аптасына 4 сағат, оқу жылында – 132 сағат, 2-сынып – аптасына 4 сағат, оқу жылында – 136 сағат, 3-сынып– аптасына 5 сағат, оқу жылында–170 сағат, 4-сынып– аптасына 5 сағат, оқу жылында –170 сағаттық құраған. Бастауыш сынып білім алушылары математика курсын игере отырып, талдау, синтездеу, жіктеу, салыстыру, себеп-салдарлы қатынастар мен заңдылықтарды анықтауды үйренген, түрлі заттармен қоршаған орта құбылыстарын сипаттау үшін математикалық тілдің негіздерін игерген, білім мен іс-әрекет тәсілдерін игерген.

«Цифрлық сауаттылық» оқу пәні 1-сыныпта 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап енгізілген, аптасына-- 1 сағат, оқу жылында -17 сағатты құрайды. 2-сынып – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағат, 3-сынып– аптасына 1 сағат, оқу жылында–34 сағат, 4-сынып– аптасына 1 сағат, оқу жылында –34 сағатты құрайды. Цифрлық сауаттылық оқу пәнінің базалық мазмұны білім алушылардың алгоритмдік ойлау қабілетін ойын программалау ортасында қалыптастырған робототехника жиынтығын негізгі компоненттерімен таныстырылған, қарапайым роботтар жинау және оларды басқаруды үйренген.

«Жаратылыстану» пәнінен оқу жүктемесінің көлемі: 1-сыныпта- аптасына 1 сағат, оқу жылына -33 сағат, 2-сыныпта–аптасына 1 сағатты, оқу жылында –34 сағатты, 3-сыныпта– аптасына 2 сағатты, оқу жылында –68 сағатты, 4-сыныпта–аптасына 2 сағатты, оқу жылында– 68 сағатты құраған. Оқу пәнінің бағдарламасының келесі міндеттері орындалған: 1. Зерттеу, ойлау, коммуникативтік дағдылар мен біліктерінің негізі қалыптасқан. 2. Техника мен технологияның дамуына елеулі ықпал еткен жаратылыстанудың маңызды идеяларымен жетістіктерімен таныстырылған. Қоршаған әлемнің құбылыстарын түсінеді, әртүрлі ақпарат көздерін маңызды мәліметтерді өмірлік ұстанады.

«Дүниетану» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі: 1-сыныпта–аптасына 1 сағат, оқу жылында – 33 сағат, 2-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағат, 3-сыныпта –

аптасына –1 сағат, оқу жылында – 34 сағат, 4-сыныпта аптасына – 1сағат,оқу жылында – 34 сағатты құраған. Осы пәнді игере отырып білім алушылар Қазақстан тұрғындарының әлеуметтік , моральдық, шығармашылық және коммуникативтік өмірінің жалпы бейнесімен танысқан ,өзі ,үйі , отбасы мәселелері негізінде қоршаған орта туралы түсініктері дамыған.

«**Музыка**» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:1-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 33 сағат, 2-сыныпта– аптасына 1 сағат, оқу жылында –34 сағат, 3-сыныпта– аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағат, 4-сыныпта –аптасына1 сағат, оқу жылында– 34 сағатты құраған.Білім алушыларды музыкалық іс-әрекеттерде шығармашылықпен өз ойын жеткізу, ұлттық және жалпы адамзаттық мәдениеттің адамгершілік – эстетикалық құндылықтары қалыптасқан,музыкалық және шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған жұмыстар ұйымдастырылған.

«**Көркем еңбек**» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі: 3-сыныпта–аптасына 1сағат, оқу жылында– 34 сағат, 4-сыныпта–аптасына 1 сағат,оқу жылында–34 сағатты құраған. Оқу мақсаттары білім алушыларда белгілі бір дағдыны қалыптастыру үшін әрекер түрін, орындау техникасын, шығармашылық жұмысты жасаудың материалын мұғалімнің өзі таңдай отырып жүргізілген.

«**Еңбекке баулу**» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:1-сыныпта–аптасына 1сағат,оқу жылына -33 сағат, 2-сыныпта-аптасына -1 сағат оқу жылында–34 сағат;

